
ЭТНОМЭДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Ясины ҚУМАРУЛЫ

КӨШПЕЛІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫТАЙДЫҢ ОРТА ЖАЗЫҚ ӘН, КҮЙ, БИ МӘДЕНИЕТИ

В статье говорится о влиянии северных кочевников на литературу и культуру Средней равнины Китая, и уточняются историческими фактами.

Yazar kuzey göçmenlerinin Çin'in Orta düz edebiyatına, kültürüne uaptığı tesiri tanıtılmaktadır.

Тілді мәнерлең, үйқастырып қолдану, ән айту, би билеу, күй тарту – адамзатқа ортақ мәдениеттік құбылыс. Адамзат мәдениетіндегі таңғажайыш құбылыстардың бірі саналатын ән, күй және билердің алғашында нeden, қалай пайда болғандығы туралы қазірге дейін бірлікке келген айқын көзқарас жоқ. Бұл мәдениеттің ең алғапында қалай қалыптасқандығы туралы сенімді дәлел де кемпін. Әркім оның төркінін әр түрлі болжайды. Қытай ғалымдарының кейбіреуі Қыыр Шығыстағы алғашқы күй әуендері Яңшаш мәдениеті (б.з.б.5000-б.з.б.3000 аралығында Сарыөзеншің жоғары және орта ағысына тараған) дәуірлерінде пайда болған деп қарайды. Терістік көшпелілерінің әні, күйі, биінің қашан пайда болып, қандай күйге жеткендігі туралы да тым арғы заман жазба деректері жоқтың қасы. Бұлардың көптеген деректерін біз жартас суреттері, жаңа тас дәуірінің қыш бұйымдарына салынған өрнек суреттері және басқа да археологиялық деректер мен азыз-әпсана сияқтылардан байқай аламыз. Осындай жартас суреттерінің ең бір бірегейі — Шинжияңдағы Тәңіртауының орта теріскей бетіндегі әйгілі Құтыби жартас суреттері [1]. Онда ер-әйелі бар неше ондаған адам біркелкі тізіліш, бірдей құмылмен аса ұйымды әрі тәртішті күйде биге басқан. Егер адам жаңын елітетің, құлақтан кіріш бойды алар әсем ән мен тәтті күй болмайынша, соңша көп адамның бұндай бірдей қалышпен масаттана биге басқан көрінісінің болуы да мүмкін емесі белгілі. Құтыбидегі тоptық би жартас суретін ғалымдар Сақтардың көркемөнерлік туындысы ретінде бағалайды. Демек, сол дәуірлерде терістік көшпелілері, әсіресе біздің арғы аталарымыздан болған сақтардың әні, күйі және би жоғары деңгейде дамыған. Осы кезде жекелей ғана емес тоptық ән, күй, билер де қалыптасып болған. Құтыбидегі тоptық би бейнеленген жартас суретіндегі көріністер оның жоғары деңгейдегі дамыған кезеңнің суреті. Бұндай сауықтың терістіктегі тарихының одан әлде мындаған жылдар арыда екендігі күмәнсіз.

Би адамзат ең алдымен жасампаздаған өнерлерінің бірі болуы мүмкіндігін ғалымдар үнемі ауызға алады. Өйткені, адамзат қуанганда, шаттанғанда, ерекшеле табиғиенде, бірі-біріне ерекшеле жан сезімін бейнелегенде биге басқандай қымыл шығаратындығы тым арғы заманнан бар құбылыс болуы мүмкін. Ол дәуірде бұл арнаулы көркемөнерлік қымыл

болмаған. Ал бидің бақылардың күдіретті күшінен байланыс жасаудағы, иесі мен киесін шақырудады, жын-шайтардарды қуалаудағы құралына айналуы, басқа да түрлі шаманизмдік мұрасымдарда пайдаланылуы оның саналы көркеменерлік қимылға айналғаннан кейінгі құбылыс болса керек.

Ғалымдар шаман дінінің пайда болған және өрбіген ортасы ең әуелі терістіктең Евразия даласы екендігін алға тартады. Егер бидің шынайы көркеменерлік өнерге айналуы шаман дінімен байланысты болса, онда бидің ең алдымен жетілген орнының да Евразияның терістік даласы екендігін молшерлей аламыз.

Терістік көшшелілерінің ең байырғы жазба деректері саналатын жартас суреттерінен әнді де, күйді де байқауға болмайды, қайта осыларға салыстырмалы түрде би көріністері ең мол жолығады. Терістіктең арғы заман жартас суреттерінде адамдардың би билеген көріністері жиі ұшырайды. Бұл сол дәуірде әннің де, күйдің де барлығын білдіреді. Өйткені ойнақы ән-күй болмаса бидің де болуы мүмкін еместігі кімге болса да белгілі жай.

Қытайдың орта жазығында күй мен бидің пайда болғандығының алғашқы дерегі де тым арыдан жолығады. Тибет үстіргінің шығыс терістігіндегі Чинхайдан жаңа тас дәуірінің Ма жияяу мәдениетіне (马家窑文化) тән реңді қыш табақ табылған. Оған үш топ бес-бестен өзара қол үстасып би билеген көріністегі адам суреті салынған. Олар жені тар, денеге нығыз қапталған, етегі тізеге дейін түскен киім киген. Бастьраша орауыш ораған. Киімдерінің етегінен артына қарай құйрық шығарылған [2]. С₁₄ бойынша саралағанда, осыдан 5000 жылдың алдындағы туынды екендігі анықталған.

Дәл осы қыстақтан осындағы арыстан тісті, қабылан құйрықты бес адамның қол үстаса биге басқан көрінісі сызылған жауырын сүйек табылған [3]. «Тау-теніз шежіресінде» Шиуанмудың арыстан тіс, қабылан құйрықтылығы айтылады. Ал, ғалымдар осы Шиуанмуды батыс терістіктең көшшелі Сақтардың көсемі ретінде таниды. Қытайдың орта жазығының батыс терістігіндегі Гансу, Чинхай жерлеріндегі Ма жияяу мәдениетінен (马家窑文化) және де қыштан күйдірілп, бегі терімен қапталған бел дабылы табылған [4]. Міне, бұлар Қытайдың орта жазығының батыс терістігіндегі далалық өнірлерде жаңа тас дәуірінде ән, күй, билердің ең алғаш дамығандығын ұғындырады.

Кейбір қытай ғалымдары Қытайдың орта жазығындағы (Киыр Шығыстағы) алғашқы күй өуендері (五声音阶) Яңшаша мәдениеті дәуірінде (б.з.б. 5000-ж – б.з.б. 3000-ж) қалыптасқан деп қарайды. Яңшаша мәдениетін ішінәра ғалымдар терістік көшшелілерінің мәдениетімен төркіндестіреді [5]. Ал, ішінәра ғалымдар ән, күй, билердің төркіні – адамдардың ең алғашқы діни салттары, яғни ән, күй, билердің шамандық рәсімдердің туындысы деп

Я.Күмарулы. Көпшелілер және Қытайдың орға жазық ...

біледі [6]. Жаратылыстан тысқары құдіретті күшпен байланыс жасаушы ерекше адамдар (бақсылар, сөүегейлер, білгірлер, т. б.) үстеріне әлем-жәлем киімдерді киіп, қолдарына күй аспаштарын алып, би билең, ән айтып, құдіретті күшпен байланыс жасайды, иесін шақырады, жын-шайтандарды қуалайды, тілеу тілеп, болашақты болжайды, т. б. Байқасаңыз, бұндағы ең бір қарымды құрал және де қызыл тіл төрізді. Олардың ауыздарынан шығатын сез – жайшылықтағы қарапайым сөздер емес, жанды да, жалынды, ер кеуде, ершімді, өңменнен өтіш, өлгенге жететін, тілеуді қолдаң, құдіретті қозгайтын, үйқастап келіп, ойқастап кететін әдеби тіл. Қазіргі өлең-жырдың аргы төркіні шындығында осы сөздер болар. Біздің ата-бабаларымыз жасаған Евразия даласы осындаған нағыз-сенімдердің ең алғаш жаратылған өндірі болуы мүмкін. Азияның терістігінде өркен жайыш шар тараңқа тараңған байырғы шаман діні дәл осындаған мәдениеттің басты төркіндерінің бірі болар. Азиядағы шаманизм мен Америка үндістеріндегі шаманизмдегі қыруар үқастықтарға қарағанда, Евразиядағы шаманизмнің 10 мың жылдың аргы жағында пайда болғандығын білуге болады. Бұл біздің әдебиетіміздің аргы сорабының да тым арыда жатқандығынан дерек береді [7].

Шаман бақсыларының басына үкі тағыныш, денелеріне түрлі шашақты киімдерді киіп, биге басқан көріністері Азияның терістігіндегі жартас суреттерінде көп жолығады. Қазақстанның Баянжүрек жартас суреттері мен Шинжияның бардақұл жартас суреттерінде осындаған шамандық бейнелер осыдан 3500 жылдың алдындағы туындылар деп бағаланған [8]. Осы жартас суреттерінде бейнеленген бақсы образы тек бақсылық киім киіп, жын шақырумен ғана тынбайды. Олар дабылын соғып немесе басқа күй аспаштарын шертіп, би билейді. Сонымен қоса әнге басады немесе тақташ атын атаң, түсін түстеп иесі мен киесін шақырады, жын-шайтандарды қуады. Міне біз бұлардан біздің ата-бабаларымыздың әнінің, биінің, күйінің және әдебиетінің бастау көзінің тым арыда жатқандығын біле аламыз. Шығыс дүниесіндегі шаман бақсыларының қимылы туралы ең алғашқы жазба деректер Қытайдың Шаң дәүіріндегі сүйек жазуынан жолығады. Сүйек жазуларында Шаң патшасының бал ашып, жауын-шашынды, аншылықты және жорықтар мен соғыстарды болжагандығы жазылған [9]. Тіпті бал ашып, болжал айту құқығы тек Шаңдардың патшасында ғана болған. Онда Шаң патшасының биге басып, жаңбыр тілегендігі, түс жорығандығы жазылған.

Сүйек-сауыт бейнелі жазуындағы биді білдіретін 舞 иероглифінің алғашқы бейнесін сүйек-сауыт бейнелі жазуын зерттеуші синологтар екі қолына сиырдың құйыршығын ұстап биге басқан адамның бейнесі деп шешеді. Бұндағы шамандық ие-киеге нану салты кейіндеп эстетикалық түске көшкендігі туралы мысалды, қытай жазуындағы көркем дегенді білдіретін 美 иероглифінен де байқауға болады. Осы иероглифтің сүйек-сауыт жазуындағы алғашқы көрінісі басына үкі тақсан адамның бейнесі болған. Демек, басына

ұқі тағудай шамандық, тотемдік құбылыс кейін эстетикалық мәнге ауысқан. Ал, қос қолына шашақ (құйыршық) ұстап биге басқан шамандық қимыл кейін сауықтық би болған. Тағы да осы сияқты Қытайдаң шығыс терістікегі Чин хайдан табылған жаңа тас дәүірінің реңді қыш табағына қол ұстасып би билеген адам көрінісі салынғанын, олардың киімдерінің етегінен артына қарай құйрық (бөрінің құйрығы тәрізді) шығарылғандығын жоғарыда бағынадық. Бұлардың барлығы алғашқы билердің ең байырғы шаманизммен байланысты екендігінен дерек береді. Басына ұқі тағу қазакта қазірге дейін әрі тотемдік, әрі әсемдік түс алады.

Демек, би арғы заманда бастысы аруақ, ие-кие шақыруға, тәңірмен байланыс жасауға қолданылған. Ол кезде адамдар жауын-шашын тілегенде, жорыққа аттанып, соғысқа қатынасқанда аруақтан, ие-киеден жәрдем тілеуде би билец, қүй шертіш, желеп-жебеу тілеген. Бұндай әдет Терістік Азияның көшшелі ру-тайшаларында жалпы беттік бар құбылыс екендігі белгілі. Америка үндістерінің ру басыларының басына таққан құс қауырсындары дәл осы шаманизмнің туындысы екендігі белгілі. Эйгілі қытай тарихшысы Жаң Гуаңжы мырза Қытайдағы шаманизмнің арғы сорабын 5000 жылдың арғы жағынан басталатын Сарыөзен және оның терістігіндегі жауырыншылық салты мен түрлі хайуанат бег суреттеріне дейін апарады [10]. Шындығында шаманизммен мәнерлі сөз, әсем ән, тәтті күй, ойнақы бидің байланысты екендігі белгілі. Дегенмен, тым арғы замандардағы терістік көшшелілерінің Қытайдаң орга жазығының ән, қүй және би мәдениетіне жасаған тікелей әсері туралы жазба тарихи деректер кемшіл. Алайда, біріншіден, шаманизмнің алғашқы бесігінің Еуразия даласы екендігін; екіншіден, аталған салттардың Еуразия көшшелілері мен Америка үндістерінде (олар Азияның терістігінен барғандар деп қаралады) осы замандарға дейін сақталуынан; үшіншіден, арғы заманғы Шаңдардың терістік көшшелілерімен байланыстылығынан; төртіншіден, археологиялық негіздерден (жартас суреттері, қыш бұйымдардағы өрнектер) Қытайдаң орга жазығындағы алғашқы би үшқындары терістік сахараасымен байланысты деген қорытындыға келеміз.

Сенімді тарихи деректерден терістік көшшелілерінің ән, күй, би мәдениетінің Қытайдаң орга жазығына ауқымды әсер жасағандығының бізге белгілі тарихи кезеңдері - Хан патшалығының (б.з.б. 206ж. - б.з. 220ж.) соғыс дәуірі, Жин патшалығы дәуірі, Таң-Соң патшалығы дәуірлері және Юань, Чин патшалықтары дәуірлері.

Қытайдаң орта жазығында Хан патшалығынан бұрынғы патшалық құрған Шия (б.з.б.22ғ. - б.з.б.17ғ.), Шияң (б.з.б.17ғ. - б.з.б.11ғ.), Жоу (б.з.б.11ғ. - б.з.б. 771ж.) және Чин (б.з.б. 221ж. - б.з.б. 206ж.) әулеттерінің барлығын түп еселі бірыңғай Қытайдаң орга жазық егінші тұргындары деп айтуға болмайды. Бұлардың кем дегенде жарым-жартысының терістік көшшелілерімен байланысты екендігін ғалымдар үнемі дәріптеп келеді.

Я.Күмарулы. Көшпелілер және Қытайдың орта жазық ...

Ендеше, осы өңірдің ән, би, күй мәдениетіне сол замандардағы терістік көшпелілерінің де үлесінің аса зор болғандығы табиғи.

Чин-хан (秦汉: б.з.б. 221ж. - б.з. 220ж.) дәуірінен кейінгі Қытайдың орта жазығындағы күй аспаптарының мұлде көп бөлегінің батыс терістіктері көшпелілер арқылы келгендейтін шындық. Ал, одан бұрынғы замандарда иеліктен Қытайдың орта жазығына терістік көшпелілерінің күй аспаптары кірмеген? Бұл біріншіден, сол замандарда Қытайдың орта жазығына терістік көшпелілерінің күй аспаптары мен күйлері кірмеген емес, қайта Чин-Хан дәуірінен ілгерігі бұл жағындағы жазба деректің жоқтығынан. Адамзат Сарыөзен алабы мәдениетін алғаш жарата бастағаннан-ақ осы өңірден терістік көшпелілері ірге бөліш көрген емес. Тіпті бір бөлім ғалымдар байырғы заманда Сарыөзен алабын Заң-Миян тілді отырықты егіншілер емес, қайта терістікте Алтай тілді көшпелілері қоныстанған деп қарайды (桥本万太郎 (Хашимато): «Gengo ruikei chiri ton». 1978ж, Токио. Қытайша басылымы. 1985 жыл, Бейжин, 72-76-бет). Екіншіден, Хан патшалығынан (б.з.б. 206ж - б.з. 220ж) ілгері, яғни хан патшалығының ешісі Жаң-чиянның батыс өңірге саяхатынан бұрын Қытайдың орта жазығында оның оңтүстігіндегі Чу (Чу – қытайдың тарихында, Чаңжияның орта-төменгі ағарында мың жылға жуық хандық құрған ел. Ол Шаң <商> өулеті тұсында елдік құрып, Чин <秦> өулеті Қытайды бірлікке келтіргенге дейін өмір сүрген) елінің ән-күйі негіз болған. Көптеген қытайтанушы ғалымдар осы Чу (楚) елін құруышыларды, кем дегенде олардың аксүйектерін терістіктері көшпелі ұлыстардың ұрпағы деп санайды. Тіпті кейірі олардың тегін баба түркі тілділерден қарастырады. Қазіргі дәуірде сол оңтүстіктері Чаңжияң алабында Чин (秦: б.з.б. 221ж. - б.з.б. 206ж.) дәуірінен ілгері Мың жылға жуық әкімият құрған Чулардың (楚) құрамынан шыққан Мияу, Иі, Тужия т.б. ұлттардың салттық жырларында форма жағынан қазақтың салттық жырларына ұқсайтын көптеген ұлғілер бар. Иізу, Тужия ұлттары өлімде жоқтау айтады, жақынымен айырылысқанда, қыз ұзатқанда көріс айтады. Байзу, Миязу ұлттарының қызы-жігіттері өлеңмен айтисады, т.б.

Қазірге дейінгі Қытай тарихындағы тарихы ең ұзақ саналатын әдеби туынды - Күңзы құрастырган «Жырнама» (诗经). Ол халық арасынан жиналған өлеңдер жинағы. Ал, Чу елінің әйгілі ақыны Чуй Юанның өлеңдері яғни «Чу өлеңдері» (楚诗) бірден-бір ең ертедегі авторлық әдеби туынды саналады [11]. Оның қытай әдебиеті тарихындағы орнын басқа әрқандай туынды баса алмайды. Біздің Чу өлеңдерін алға тартуымыздың мынадай себептері бар:

Біріншіден, қытай әдебиетінің қайнар көзі, ең басты тұнық бұлағы сапалатын «Чу өлеңдерін» оқысадыз, оны қазіргі көзқараспен қарағанда Чаңжияңың орта-төменгі ағарындағы отырықты, егінші елдің ақсүйегі жазған өлең емес, қайта, Қуаңхы бойы немесе оның терістігіндегі дала мәдениетіндік шаман мүритінің «бақсылық сарыны» деп қалуыңыз да мүмкін. «Чу өлеңдерінің» тұла бойынан шаманизмнің іісі аңқыш тұрады. Тіпті, оның кей өлеңдерін шынайы түрдегі шаман бақсыларының «жын шақыруы» деуге болады. Чүй Юаньың өлеңдерінде, «бақсы менен кәлшелер, жұпар ііс себінің, әлем-жәлем кийіп, күймен бірге еліріп, биге баса желігіп, иелерін шақырады» [12]. Қытай этнографы Лин Хы мырза өзінің «Қытай бақсылық тарихы» атты еңбегінде, Чүй Юанды Чу елінің бақсысы (巫官) деп жазады [13]. Ол оның әдеби жасампаздығын түгелімен діни әдебиетке жатқызады [14]. Чүй Юаньың «Тәңірден сұрау», «Тоғыз жыр» атты өлеңдерін бір бөлім ғалымдар, ертедегі Вавилон ертегілері негізінде жазылған десе, енді бір тобы, байырғы Қытайдың батыс терістігіндегі көшшелілердің халық жырлары негізінде жазылған деп қарайды [15].

Әйгілі тарихшы профессор Фан Уынлан Қытай байырғы заман мәдениетін Қытайдың орта жазық «орда тарихшыларының мәдениеті» және Чу елінің «орда бақсыларының мәдениеті» деп екіге бөледі [16]. Міне, бұлардан Қыыр Шығыстың әнін, күйін, биін және әдебиетін дамытудағы рөлінің қашшалық зор болғандығын аңгаруға болады.

Екіншіден, тарихшы Фан Уынлан «Орда бақсыларының мәдениеті» атаған әйгілі «Чу мәдениеті» мен терістік көшшелілері мәдениетіндік байланысы туралы «Алыстағы ата мұра» атты монографиямда арнайы баяндаған болатынын («Алыстағы ата мұра» (Ұлттар баспасы, 2003 жыл, Бейжиң). Әйгілі қытай тарихшысы Сын Жоңмиян мырза да дәл осы Чүй Юаньың өлеңі «Айырылышудағы» (离骚) бірқыдыру жеке сөздердің төркінін терістіктегі түркі тілдерімен төркіндестіреді («中山大学学报» 1961年第2期). Үшіншіден, Чүй Юан өзінің шаманизмдік сарын аңқыған, күнлүн тауынан екі елі айырылмайтын, оның үстінен аз да болса түркі сөздерін араластыра жазған (жогарыдағы айтылған Сын Жоңмиянның көзқарасынша) өлеңі «Айырылышудағы» (离骚) сөз төркінін баяндауынан оның терістік көшшелілерімен байланысты екендігін білеміз. Қытайдың ән-би тарихына үцілсөзі, Сарыөзеннің терістігіндегі көшшелілер мен Чаңжияң өзенінің орта-төменгі ағарындағы Чулардың ән, би және музыкашылығында Қытайдың орта жазығына қарағанда дамыған күйде екендігін білуге болады. Қытай байырғы жазба деректеріне негізделгенде, Жаң Чиянның батыс терістікке жасаған алыс сапарынан ілгері Хан патшалығының музыкасы негізінен атақты ақын Чүй Юаньың мекені – Чулардың ән-биін өзінен өрнек еткен [17]. Бұның себебі де осы өңірде Қытайдың орта жазығына қарағанда

Я.Күмарулы. Көшшелілер және Қытайдың орга жазық ...

шаманизмдік дала мәдениеті ұзақта дейін дамып, дәурендеғендігінде болса керек [18]. Ән, би, күйдің байырғы замандағы ең негізгі қоздырупсы күші – шаманизм Қытайдың орга жазық жерінде тым ерте шектеуге ұшырай бастаған. Фалымдар бұны Қытайдың орга жазығындағы қытай ұлтында ән, би және күйдің басқа ұлттарға қараганда артта қалуының басты себебі деп қарайды [19]. Мозы, Шия патшалығын (б.з.б.22ғ. - б.з.б.17ғ.) аударған алғапқы Шияң патшасы Шияңнан бақсылыққа тиым салғандығын жазады [20]. Жоғарыда айтқанымыздай, Шияң патшаларының бақсылыққа ие екендігі, сондай-ақ, олардың бал ашып, сөүегейлік айтып, бақсылық ойнау құқығының патша немесе патша өулетіндегілердеғана болуына қараганда, Шаң патшалары ерекше құқыққа ие санаулы адамдардыңғана бақсылықпен айналысұына жол қойған. Кейде, Шияң патшалары бақсылардың басы (群巫之长) аталып отырған [21].

Аргы заман жазбаларында Чиндердің (秦) Номдардың (戎: терістік көшшелісі) ән-күйіне беріліш, одан қайта Шаялардың (қытайдың) әуеніне қайтқандығы туралы баяндалады [22]. Чин(秦) ұлсысы бұрын батыстағы шеткегі шағын ел болған. Қытайдың орга жазығының өзіне қаратуын (教化) кепшрек қабылдаған. Алайда, орта жазыққа беріліп, «Ном-тиек» (戎狄: сол кездегі терістік көшшелілері) мәдениетінен тез бой тазарттып, Қытайдың орга жазық мәдениетін игергендейдіктен оның бір мүшесіне айналып, орга жазықтықтардың (諸夏) қабылдауына ие болды [23].

Хан (汉) патшалығы дәүірі (б.з.б. 206ж - б.з. 220ж)

Б.з.б. 138 жылы, Хан елінің 30 жасқа толмаған жас елшісі Жаң Чиян (张騫) Хан патшалығының астанасы Чаң-аннан жолға шығып, батыс терістік өңірге елшілік сапарға шығады. Жол-жөнекей ғұндарға қолды болып, ғұндардың елінде он жыл тұрып, ғұн ақсүйегінің сиырын бағады, әйел алып, бала сүйеді. Кейін ғұндардың ішкі дүрбеленін пайдаланып қашып шығып, Чаң-анға оралады. Ол осы реткі сапарда көздеген нысанана жете алмағанымен, батыс терістік елдерінің салт-санасы мен заттық мәдениеті туралы қыруар мәлімет әкеледі. Арада бес жыл өткеннен кейін Хан патшалығының патшасы Хан Уди Жаң Чиянға жүздеген інекер ілестіріп, аса мол мал-дүние, тарту-таралғымен екінші рет батыс терістіктеңі Уйсін еліне сапарға аттаныпрады. Осы жолы Жаң Чиян Уйсін еліне сапарға келеді және Бактрия, Қаңлы, Наште, т. б. елдерімен байланыс жасайды.

Жаң Чиянның осы реткі табысты сапары туралы Буманың қырқыншы музыка тарауында: Жаң Чиян батыс өңірге елшілікпен барғанда «Махадолық» (摩诃兜勒) атты кернай-сырнай, дабыл-даңғарамен орындалатын күй жанрын ала келіп, Қытайдың орга жазығына таратты.

Лиянның 5 жылы 28 тарауға аударып, түсіндірді – деп жазылады. «Жиннама · музика шежіресінде»: Хыңчүйде Шуанжияу болғандықтан ол қулардың күй аспабы. Жаң-чиян батыс өңірге барғаннан кейін батыс музикасы «Махадолық» (摩诃兜勒) бар болды. (横吹有双角, 乐也. 张博望入西, 传其法于西系, 惟得〈摩诃兜勒〉一曲.) - деп жазылады [24] Осы баяндағы 横: батыс, батыс өңір, 吹: кернай-сырнай, дабыл-даңғара күй аспабы. Бұдан тек хыңчүйде (横吹) дегенің өзінің батыс өңір күй аспабы деген мағынада екендігін білеміз. Хыңчүйдің (横吹) Кужиау (胡角) деген тағы бір аты болған. Ал, Кужиау (胡角) туралы «Қытай музика сөздігінде»: «Ол дабыл-даңғара, кернай-сырнай күй аспабының армияда ат үстінде күй орындағының хыңчүй күй аспабы. Ол батыс өңірге шуанжияу деген атымен әйгілі» (即鼓吹乐中用作军中马上之乐的横吹. 以采用西域双角而得名.).

«Ханнама» батыс өңір баянында», «Соңғы ханнамада» және Жин Фуюаннның «Пиша мен өлең сөзге кіріс сөз» сияқты тарихи еңбектерде жазылуынша, Хан патшалығы дәуірінде ғұндар, үйсіндер жаратқан дабыл, сыйбызы, боздауық, шипа, гежек сияқты күй аспаптары Қытайдың орга жазығына таралған. Сонымен бірге Қытайдың орта жазығының жетіген, күй тақта, 13 ішекті шертер және қоңырау, барабан сияқты күй аспаптары Қытайдың орга жазығынан терістік көшшелеріне таралған.

Жаң-чияннан кейін батыс терістікке хан елшілері шығып тұрды, олар иран, үнді елдеріне дейін барды. Жаң-чиянның батыс терістікке сапарынан кейін, батыс пен шығыстың мәдениет алмасуы жеделдеді. Қытайдың орга жазық мәдениеті батыс терістікке таралып, батыс терістіктің мәдениеті Қытайдың орга жазығына жетіп жатты. Батыс өңірден әкелінген заттар Хан патшасы Хан Уиды шаттыққа бөледі. Ол Чаң-ан қаласының батысындағы патша бақшасында ерекше сарай салғызады. Сарайдың қақшасына Анни аристанының мүсінін қойғызады. Сарайдың ішіне Үнді totықұсының суретін салғызады. Батыс өңірдің істендерігішін тұтатады. Анни қатарлы елдердің түйекұс жұмыртқасы мен кристалл табағын қойғызады. Сарайға жақын маңдағы батыс өңірден әкелінген түйежоңызқа мен үзім егіледі. Орман бағында батыс өңірден әкелінген аристан, тоты, шіл, түйе және тұлшарлар бағылады.

Қытай күй аспаптарында терістік өсерінен пайда болған күй аспаптарының бір түрі - ат үстінде ойналатын күй аспаптары. Шижен ханшаның үйсіндерге ұзатылғанда жол бойы ат үстінде ойнайтын күй аспаптарымен жүруін қытай жазба деректеріндегі ат үсті күй аспаптары туралы ең көне тарихи дерек деп айтуга болады..

Ат үстінде ойналатын күй және күй аспабы байыргы дала мәдениетінің үлгісі. Ат үстінде ойналатын күй дегендік – көшшелердің күйі дегендік.

Я.Күмарулы. Қөшпелілер және Қытайдың орта жазық ...

Хан дәуірінде Қытайдың орта жазығында жылқы міну қалыштасқанда, жылқы үстінде ойнайтын күй аспабы да таныс бола бастаған болуы мүмкін.

Жоғарыда баяндалған батыс өңірден келген дабыл-даңғара, кернай-сырнай күй аспаптары (鼓吹乐) туралы «Қытай музика сөздігінде» былай түсінік беріледі: «Хан дәуірінен бергі еліміз дәстүрлі күйлерінде, ұрмалы-соқпалы күй аспаптары мен ұрлемелі күй аспаптарын негіз еткен орындау формасы мен күй аспаптары жаңры болды. Оның алғашындағы бастылары барабан(鼓), жың (钲: әскери шеруде пайдаланылатын жезден жасалған сапты дабыл), шияу (萧: сыйызғы), жия (笳: қу күй аспабы) сияқты күй аспаптары болған. Оған үнемі жыр қосылып айтылатын болған».

«Күй мекемесі жыр жинағында»: «Хыңчүйдің (横吹: батыс өңір күй аспабы) тегі дабыл-сырнай күй аспабы.... Онда шияу (萧: сыйызғы), жия (笳: қу күй аспабы) болғандықтан дабыл-сырнай күй аспабы саналады. Оны тасаттық беру, тәңірге тәуел етулерде пайдаланады. ... Онда дабыл, мүйіз аспаптары болғандықтан батыс өңір күй аспабы (横吹) аталып, ат үстінде ойналады» деп жазылған [25].

Қытайларда ерте заманда қисса айту әдеті (дастанды өлеңдетіп жатқа айту) болмаған. Уаңчин (王青) мырза бұның себебін мынадай үш жақтан іздейді: «Көшіп жүрге үйлесетін мәдениет оргасы жоқ, жанға ала жүріш, шертетін күй аспабы тапқырланбаған, тілінде және тоны (дыбыс ырғағы) бар» [26]. Міне, сондықтан да терістік қөшпеллерінің ән, күй, би және басқа да өнер көрсету үлгілерімен ұштастырылған әдебиет-көркеменер жасампаздығы Қытайдың орта жазығындағы халықтардың әдебиет-көркеменеріне молынан қабылданып, тез таралып, кең көлемді қоғамдық өнім берді. Ол Қытайдың орта жазық әдебиет-көркеменерінің халықтық тұс алуына тамаша шарт-жағдай жаратты. Демек, Қытайдың орта жазығында хан дәуірінде ат үстінде ойнайтын күй және күй аспабы болған. Бұл терістік қөшпеллерінің әсерінен келген.

Тарихи деректерде жазылуынша, Хан дәуірінде Лин-ди (灵帝) қулардың киіміне, кигіз үйіне (胡帳), төсегіне, отырысына (малдас құрыш отыру болса керек, батыс терістіктер малдас құрыш отырады), тағамына, конкуына (箜篌: көне замандағы бір түрлі көп ішекті шертепті музика аспабы. Оның жатқызып қойып шертетін де, тігінен қойып шертетін түрі де бар, ішек саны аз болғанда бес, көп болғанда он екі болған), сыйызғысына, биіне (би билеу) қызыққан. Астанадағы өзіне жақын игі жақсылар түгелдей оған еліктеген, бұл бір мезеттік ауқымға айналған.

Хан патшасы Лиң-дидің кулардың тағамына, шарабына және ән, күй, биңе өуестенуі оған саяси жақтан шүбә әкелді. Бір белім тарихшылар Лиң-дидің кулардың мәдениетіне берілуін сын тезіне алды. «Соңғы Ханнамада»: «Лиң-ди кулардың шелшегіне өуестенгендеңдіктен астанадағылар жаштай кулардың шелшегін жеді. Бұл кейінгі Доң Жоудың ку өскерлерімен астананы алуына сәйкесті» деп жазады [27]. Яғни сол заманың бір белім адамдары Лиң-дидің кулардың мәдениетіне өуестенуін Хан патшалығының жойылуға бет алғандығының нышаны деп қараган. Іс жузінде Доң жоудың бүлігі Лиң-дидің кулардың мәдениетіне өуестенуінен емес еді. Ал, Хан патшалығының жойылуы да сыртқы шапқыншылықтан емес, ішкі бүлктен болғаны көшке белгілі жай. Міне бұлардың барлығы терістік көшшеллерінің мәдениетінің Қытайдың орта жазығына қаншалық терең әсер-ықпал жасағандығын үғындырады.

Уй-Жин(魏晋) патшалығы дәуірі (б.з. 220ж - б.з.420ж)

Қытай тарихында терістік көшшеллерінің ойын-сауық мәдениетіне берілуі тек хан патшалығы дәуірінде ғана болған емес, дәл осындай кулардың мәдениетіне берілу ауқымы Батыс Жин (西晋) патшалығы дәуірінде тағы бір рет өрлеу алыш, ұқсас айыптауга ұшыраған. Жин патшалығы тұсындағы оқымысты Ганбау: «Қу төсегі, мо табағы (мо — шығыс терістігіндегі байыргы көшшелі ұлттың аталуы), дилердің күралсаймандары, қияндардың ет асуы, молардың ет қақтауы, дилердің тағамдары сияқтылар Чиншындағынан (б.з.6.265 ~ б.з.6.275) бергі қытайдың өуестенетін, бай-манаптардың жиятын мүлкі болды. Игілікті іс, құтты қонақтардың барлығында осылар алда жүрді. Міне бұл номдар мен дилердің қытайға шапқыншылық жасауының нышаны еді» деп жазады [28]. Бұдан батыстар-терістік тағамына өуестенудің Қытай тарихындағы сілемінің тым арыда жатқандығын, оның үстіне Қытайдың орта жазығында терістіктің тағамы ғана емес ыдыс-аяғының да ерекше қарсы алуға ие болғандығын білеміз.

Жин патшалығының соңғы мезгілінде Қытайдың орта жазық өнірінде терістік көшшелілерінің үстемдігі орнады. Сонымен терістік ән, күй, би мәдениетінің әсер-ықпалы тағы бір рет Қытайдың орта жазық аумағын күшті шаршыды. Бұл ретте терістіктегі сиянши, ғұп, қиян (羌) сияқты көшшелі халықтардың ән, күй, би мәдениетіне ғана емес және басқа мәдениеттерінің де Қытайдың орта жазығына ықпал әкелгендігі даусыз.

Тарихта Қытайдың орта жазығына еніш ірге тепкен, әкімият құрған терістік көшшелілері өз соға басы ғана келіш қоныстанған жоқ. Олар терістіктен Қытайдың орта жазығына өз мәдениетін де ала келді. Бұлардың ішінде көшшелілердің әдебиеті де бар екендігі анық. Қытайдың орта жазығына қоныстаныш, Қытайдың орта жазық халқына айналғаннан кейін, олар Қытайдың орта жазығының саяси, экономикалық және түрлі мәдениет

Я.Күмарулы. Көшпелілер және Қытайдың орта жазық ...

құрылыштарына белсene атсалысты. Сол қатарда Қытайдың орта жазық елін басқа терістік көшпелілерінің шабуылынан қорғау күресіне де қатынасты. Кезінде оңтүстік ғұндар Қытайдың орта жазығына сіңгенмен кейін, терістік ғұндардың Қытайдың орта жазығына жасаған шабуылына қарсы құреске қатынасты. Тіпті, кей қытай ғалымдары терістік ғұндарды талқандаған Қытайдың орта жазығына қоныстанған оңтүстік ғұндар деп те қарайды [29]. Терістік көшпелілері Қытайдың орта жазығында әкімият құрганнан кейін, байыргы қытайдың салты бойынша ән-күй мекемесін құрды. Бұрынғы ғұндар құрган, сиянилдер құрган, тағыбаттар құрган әкімияттардың барлығында ән-күй мекемесі болды. Олар халық арасындағы ән-күйлерді жинап, пайдаланумен бірге, оқымыстыларға арнаулы мекеме ән-күйлерін де жасатты. Мұрұң (慕容氏) әулетінің әкімиятын (北周) аударып тастап, 386 ~ 534-жылдары әкімият құрган (北魏) Тағыбат (拓跋氏: Табғач да делинеді) әулеттері де ән-күй мекемесін құрды. Мұрұң (慕容氏) мен Табығат әулеті тілі де, салты да үқсас бір ұлт және олардың ән-күйі араласып, тоғысып кеткен. Мұрұң-тағыбат ән-күйлері аласапыран жаугершілік заманда толық сақталып қалмаған. Олардың бір бөлегі терістік Уй хандығының (яғни тағыбаттар құрган хандықтың) ән-күй мекемесінде сақталған. «Уинама · күй шежіресінде» жазылуынша, терістік Уй хандығының соңғы мезгілінде, халық ән-күйлеренен 500-дейі сақталған. Алайда «Таңнама · күй шежіресінде» Таң дәүіріне жеткенде небарі 53 күй ғана қалғандығы жазылған. Соғыс аласапыраны және тілдік айырмашылық салдарынан бұлардың тек бір бөлегі ғана қытай тіліне аударылып, сақталып қалған. Бұлардың кейбіреулері Оңтүстік Қытайға таралып, оңтүстік хандықтар мекеме күйлерінде сақталған. «Күй мекемесінің өлеңдер жинағында» (乐府诗集) «Ертеден қазірге дейінгі күй естелігінен» (古今乐录) цитат алыш: «Лияң хандығы кезіндегі дабылданғаралы батыс күйлерінде» (梁鼓角横吹曲), «Арман» (企喻), «Ланя бек» (琅玡王), «Жүйлу қаныша» (钜鹿公主), «Күлгін торы» (紫骝马), «Сағыныш» (黄淡思), «Дала әні» (地区乐歌), «Торғайдың тірлігі» (雀劳利), «Мұрұң жыры» (慕容辞), «Лоң дәриясының басы» (陇头流水) сияқты 36 күй сақталған деп жазылады [30]. Бұлардың ішіндегі «Арман», «Жүйлу қаныша», «Күлгін торы», «Сағыныш», «Дала әні», «Торғайдың тірлігі», «Мұрұң жыры», «Ұлу дариясының басы», «Сынған тал бұтағы» (折杨柳枝歌), «Жымжырт даладағы жылқы коңырауы» (幽州马吟歌辞) сияқтылар тағыбаттардың Уй хандығы тұсының туындылары ретінде танылады [31]. Сиянилдер мен тобалардың бұл халықтық әндерінің сөзін қазір табу қын. Алайда оньц ән-әуен желісі соңғы дәүірлерге жалғасты әрі өз әсерін көрсетті. Бұндай

өлеңдерден «Лияң хандығы кезіндегі дабыл-даңғаралы батыс күйлерінде»- (梁鼓角横吹曲) «Арман» (企喻) қатарлы 36 өлең, «Күй мекемесінің кулардың күй аспабымен орындалатын көне күйлерінде» (乐府胡吹旧曲) және «Терен сай» (隔谷) сияқты 30 шумак өлең, «Күй мекемесінің өлеңдер жинағында» жиыны 66 өлең қамттылған [32].

Сиянпи-тағыбаттардың халықтық ән-күйлері негізінен «Дабыл-даңғаралы батыс күйлерінде» (梁鼓角横吹曲) сақталған. «Лияң хандығы кезіндегі дабыл-даңғаралы батыс күйлері» - он алты хандық заманындағы терістік көшпелілерінің ат үстінде орындағытын әскери күйі. Осы сияқты «Таннамада»: «Терістік тиектердің күйінде, Сиянпи, Тұйғұн (吐谷浑) және Бұлақшық (部落稽) үш елде түгелдей ат үстінде күй тартады. Соңғы Уй патшалығы дәүірінің күй мекемесі терістік әндерінен бастау алған, <Өулиенің ән салуы> деген осы» деп жазылады (北狄乐. 其可知鲜卑, 吐谷浑, 部落稽三国, 皆马上乐也. 后魏乐府始有北歌, 即所谓《真人代歌》是也.) [33]. «Таннамада» тағы, ат үстінде ойналатын күй дегендік – көшпелілердің күйі дегендік делінген [34].

Сүй-таң (隋唐) дәуірі (б.з. 581 ж - б.з. 907 ж)

Хан, Жин патшалықтарынан кейінгі батыс терістік көшпелілерінің ән, күй, би мәдениетінің орга жазық ән, күй, би мәдениетіне зор әсер жасаған тұсы Сүй-таң патшалығы дәуірі болды.

Терістік көшпелілері мен Қытайдың орга жазығы тым аргы замандардан бастап күй аспаптарынан тартып күй ырғақтарына дейін ауыс-күйісте болыш келгендігі жоғардағылардан белгілі. Күй ырғағы осылардың ішіндегі ең маңыздыларының бір бөлегі. Қытайдың орга жазығы мен терістік көшпелілерінің күй ырғағындағы ауыс-күйіс туралы шынайы дерек бізге «Сүйнамада» белгілі [35]. Қытайдың орга жазығының дәстүрлі күй ырғағы мен батыс терістік халықтарының күй ырғағындағы өзіндік айырмашылық кезінде Қытайдың орга жазығының орда күйінде ұзак уақыттық талас-тартыс тудырған. Бұны кейінгі қытай көркемөнерттанушы ғалымдары «кеңеспен күйді оңау» (议正乐) деп атасты. Батыс терістіктегі кулардың күйі Қытайдың орга жазық орда «қонағасы күйіне» (燕乐) ұзак уақыт әсер жасағ, өзінің сарының сіңіргендікten, бұл Сүй патшалығы құрылған алғашқы жылдары ордада орындалатын дастарқан күйлері туралы талас-тартыс тудырады. Сүй патшалығы құрылған екінші жылы (б.з. 582-жыл) бұрын терістік Чи (北齐 : 550--577) хандығының адамы Яңжы(颜之) Сүйгаузу патшага (隋高祖) «Си-сияптаң бүлініп, күй бұзылғалы ұзак уақыт болды. Бұл күнде дастарқан

Я.Құмарұлы. Қөпшелілер және Қытайдың орга жазық ...

сазды күйлөрінде Қу өуендері (Кулардың ыргактары немесе күйлері) өлі де қосанжарлаш келеді. Лияң хандығы заманындағы елдің ескі салтына сай (冯梁国旧事), дәстүрді қайта қалпына келтіргейсіз» деп етініп береді. Терістік патшалықтар заманындағы Лияң хандығы әлдеқашан жойылғандықтан Сүйгаузу бұл ұсыныска дең қоймайды. Бұл кезде орда дастарқан күйлөрі терістік Жоу (北周) өуендерін негіз ететін. Гаузу патша орда күй мекемесін жаңалауды бүйірады. Бұл орда дастарқан күйі туралы талқыны тіпті де салқындасты. Кейін Жыңи (郑译) қатарлы оқымыстылар да патшага орда күйінің өуенін өзгерту туралы ұсыныстарды қойғанымен, алайда «бұл істің төркіні алыста болыш, күй ыргактары да шырма-шатуға айналғандықтан» патшалық құрылыш 7-жылға дейін (587-жылы) күй ыргагын өзгерту туралы ұсыныстан нәтиже шықпайды. Осыдан соң, Сүйгаузу патша күй өуендеріне қанық білімпаздарды ұсыныс етіп, уәзірлікке «Күй ыргактарын бекітуді» бүйірады. Осы жиналыста Жыңи өзінің Күсен күйшісі Сүтербадан (苏祗婆) «Қу пиасын» (胡琵琶) үйренген себебін және Күсен әйел күйшісі Сүтербаның күй өуені назариясының түйінін баяндайды.

Жыңи былай дейді: Терістік Жоу хандығы кезінде, Күсендік Сүтерба түркі нәсілден болған патша ханымына ілесіш елімізге келген. Ол қу пиасына шебер болған. Сүтербаның төркіні арғы атасынан күй қуалаған, оның әкесі Батыс өңірде аты шықкан күйші болған. Сүтерба жеті түрлі дыбыс ыргагын пайдаланған. Жыңи сөзін: орда дастарқан күйі мен Сүтербаның пиша күйі түгелдей бір ыргакта, жеті дыбыс ретінен құралған. Алайда жеті дыбыс ретіндегі жоғары дыбыс өзара толық сәйкесіш кетпейді, Қытайдың орга жазығының жеті дыбыс ыргагын Сүтербаның жеті дыбыс ыргағымен орындау тек бір түрлі зорға, ештең-септеш қиуластыруға дең жалғайды. Міне, бұл батыс терістік күйінің дыбыс ыргагы туралы ең маңызды әрі бірден-бір тарихи жазба дерек еді. Сүтербаның жеті түрлі дыбыс реті сол кезде байырғы санскрит тілінде (梵语) жазылған. Соңдықтан ғалымдар жеті дыбыс ретін батыс терістіктер арқылы Индиядан келген дең межелейді. Сүтербаның жеті түрлі дыбыс реті кейінгі Қытайдың орга жазығының орда күй ыргагы назариясына, тіпті, Жапонияның күй ыргагы назариясына дейін терең ықпал жасайды. Қытайдың орта жазығындағы Сүй, Таңдан тартыш Лияу, Соң патшалықтарына дейінгі 28 ретті орда күй ыргагы назариясы, тіпті, кейбір ыргақ аттарына дейін Сүтербаның жеті түрлі дыбыс ретін өзіне үлті етеді [36]. Терістік Уй патшалығы дәуірінде (386-534) барабан мен биді негізгі тұлға еткен батыс терістіктің «Иұрпан күйін» орданың әнші-биші әйелдері қабылдады. Эдебиет пен тарихи деректердің растауынша, Таң-Соң патшалықтары дәуірінде Қытайдың орга жазығына кең таралған «Ұлы күй» (大曲) батыс терістікте де болған. Таң патшалығы

дәуіріндегі орда қонағасыларында орындалатын бұндай әң, күй, би араласқан аса көлемді сауық өнеріне терістік көшпелілерінің әң-күй және билері барынша қамтылған [37]. Қытай жазба деректерінде, қаңлылардың әң, күй, би сияқты көркемөнерінің гүлденіп өркен жайғандығы және олардың Қытайдың орта жазығына дейін өрістеп даңққа бөлөнгендігі туралы мол мәлімет бар. Бұл деректердің дәлелдеуінше, қаңлыларда қос ішекті және бес ішекті музыка аспаштары, даш-дабыл, сыйбызы-сырнайлар болған (бұл да соңда). «Сүй патшалығы тарихы · музыка аспаштары тарауында»: Жоу патшалығының (терістік жоу) патшасы той жасаганда қаңлы елінің және күшірдің музыка аспаштарын алдырыды деп жазады [38]. «Таң дәуірінің естеліктерінде»: «Жоу Уди түрк қызын ханымдықта алды, батыс өнірдегі елдер оны құттықташ, күшір, сулы, қаңлы елдерінің музыка аспаштарын тойлыққа әкелді» делінеді [39]. Бұл мәліметтерден қаңлылардың музыка аспаштарының аса әйгілі болғандығы байқалады.

Таң патшалығы билік жүргізген дәуірде (618-907) Қытайдың орта жазығында қаңлы билері салтанат санатына көтерілген. Таң патшалығы дәуірінің ардагер ақыны Бай Жүй-иі өзінің «Биші бикеш» деген өлеңінде, қаңлы биін тамаша суреттеген.

«Биші бикеш ойқастаң,
Оңға-солға бой тастаң,
Жауған қардай қалықтаң,
Құйындаі құйғыш шарықтаң,
Мұдіруді білмеген,
Бұрала толқыш билеген.
Келішті бикеш қаңлыдан,
Алты айшылық арыдан.

Жарыса зырлап күймемен,
Көңіл толқыш күйменен.
Бидің биік сарасы,
Әлемде жоқ бағасы.
Қол жеткісіз асылға
Әр кімнің бар таласы,
Алқа- қотан айналды,
Жұрттың төре-қарасы» [40], -

Ақынның бұл өлеңінен қаңлылар мен Қытайдың орта жазығындағы халық арасындағы көркемөнерлік қарым-қатынастың тығыз болғандығы, қаңлы биінің бұл өлкелерге кең таралыш жүрг құмарта үйренетін өнерге айналғандығы байқалады.

Қаңлы елі (胡) мен Қытайдың орта жазық елінің қарым-қатынасы бастан-ақыр ерекше қою болған. Қаңлы елінің күй аспаштары мен би-күйлері Уй, Жин және онтүстік-терістік патшалықтар тұсында Қытайдың орта жазығына еніп отырған. Таң дәуірінде қаңлының күйі мен биі барынша жалшыласқан. Бұның ішіндегі ең әйгілісі қулардың «Айкөлек биі» болған. «Халық әндерінің естелігінде»: «Қулардың айкөлек биі шағын тоштықтоймақтай орында шыр үйірішті ойнайтын биі. Биші бастан-ақыр бір орыннан озбайды, соңдай көркем келеді» деп жазылады. Таң дәуірінің әйгілі ақыны Бай жүйі өзінің «Кулардың биші қызына» атты өлеңінде: «Кулардың айкөлек биші қызы, қулардың айкөлек биші қызы, жүрек қылын шергеді, қолына алып ойнаған дабылы. Дабыл сайрай жөнелсе, қолын өрге көтеріп, қарлы боран үрлекен қаңбақтай биге басады... Кулардың айкөлек биші қызы,

Я.Құмарұлы. Қөпшелілер және Қытайдың орта жазық ...

қаңдыдан келген шығысқа он мың шақырымнан артық жол басып...» деп суреттейді. Өлеңде қаңдының айқөлек биін жанды суреттеп, қаңды бійнің қытайдың орта жазығында құлденіп-көркейгендігін, ордада хан мен қара, уәзірлер мен тоқалдарға дейін барлық адам шыр айланған билеуді үйренген көріністі және күйге еріп би билеп, ән салуды даңық санаған жора бейнеленген. Жазба деректерден тыс, Дахатаның (Дүнкуаңың) мугау ұңғарында қабырга суреттерінде бір жұп Кудың айқөлек би түсірілген. Суреттегі биді сүйемелдеген күй аспабының терістік қөшшелілерінің күй аспабы екендігі байқалады [41].

«Оңтүстік-терістік патшалықтарынан Сүй-тан патшалықтары дәуіріне дейінгі 500 жылға таяу уақытта Құсан күйі, Көтең күйі, Шалік күйі, Ұдын күйі, Үбір күйі, және Юрпан күйі сияқты күйлер мен осы күйлерді орындайтын әнші-күйшілер сан мәрте Қытайдың орта жазығына енген» [42].

Сүй-таң патшалықтары тұсында Қытайдың орта жазығына кең таралған «Ұлы күй» терістік қөшшелілерінің ән-күйін барынша қабылдаған. «Батыс өңірдің қариталы шежіресінде» күй тарауында: Сүй патшалығында тоғыз тараулы күй бар, Шилиян, Диму, Құсан, Шалік, Бұхара, Қаңлы – батыс өңір күйлері алтыншы орында тұрады» деп жазылған [43]. Таң патшалығының алғашқы кезі мен Сүй патшалығының соңғы кезіне келгенде Көтенің он тарауы қосылып, жалшылай «Қонағасы күйі» (燕乐) деп аталды.

Қытайдың орта жазығында сый-сыяп түзімі ертеден, кем дегенде Жоу патшалығынан бастап жалғасып, сый-сыяп түзімінде күй бір тұлғаландырылған, күрмет дастарқандары ән-күймен біріктірілген. Шия, Шияң, Жоу патшалықтары дәуіріндегі ән-күй бастысы үш түрлі болған: олар орда ән-күйі, халық ән-күйі және шет жұрттардың (терістік қөшшелілерін қамтыған) ән-күйі. Орда ән-күйі бүрынғы орда ән-күйлеріне мұрагерлік етумен бірге, халық ән-күйлері мен шет жұрт ән-күйлерін өңдеп қабылдаш отырған. Демек, бұлардан терістік қөшшелілерінің ән-күй мәдениетінің Қытайдың орта жазығына тым арыдан бері әсер көрсетіп келе жатқандығын білеміз. Терістік қөшшелілерінің ән-күй әсері бұдан кейінгі Чин-хан патшалықтары тұсында молайш, Уи-жин патшалықтары тұсында одан да күшнейш, Сүй-таң патшалықтары тұсында шарықтау шегіне жетті.

Таң патшалығы заманында Чаң-ан қаласы патшалықтың астанасы болыш қалмай, дүниеге аты әйгілі аса зор мәдениет, сауда және дін орталығы болды. Чаң-ан мен Ло-янда бір мезет адамдардың киім-кешек, ішіп-жем, жүрістұрыстарына дейін батыс терістікке еліктеу болды. Бұл ақын Юан жыңың (元缜) өлеңі «Фачүй»-де (法曲): «Шандатып кірген соң қудың жасағы, Шияң-яң мен Ло-янды жұн, еттің іісі тұмшалады. Эйел заты қуға тиіш, куша жасанды, куша ән әуендең, күй тарапады. ... Куша әндесіп, куша ат мініш, куша жасану, он бес жылдай торлады» (胡音胡骑与胡妆，五十年来竟纷泊), деп жазғаныңдай еді. Бұл кезде киім-кешек, ішіп-жем, ән-күй, билер түгелдей

сырттікі жақсы сезілді. Қолынан келгендер құша киініп, құша ішіп-жеп, құшарабын ішіп, құша сауық-сайран салды. Ақын өлеңдерінде құлар туралы шумақтар жазылды. Таң ақыны Жаңқу өлеңінде: «Кү аруының шарабына, алыстан жеткен ақтанau керімен. Ұзіліп суға тұскен шам гүліндей, қалқыш барады жігіттің көңілі ерігев» деп толғаса, Ли бай: «Кү арудың келбеті гүл, күлкісі самал. Самалдай күлші, жібек киген денесі бұрала биле басады, бүгін мас болмай оралармын ба аман-сая!» деп жазады. Ли бай құшарапханасының үнемілік қонағы болады. Ол өлеңінде: «Күміс ерлі кер жорғамен келемін, жасыл дала, мамық көшік үстінде. Себез жауып, самал есіп, гүл төгілді, қампы басып жетемін кү аруының шарабына» деп жыр төгеді.

Хан патшалығы дәүірінде болсын, одан сан ғасыр кейінгі Таң патшалығы дәүірінде болсын, барлығындағы тарихи және археологиялық деректерде терістік көшшелілерінің мәдениеті ішшек-жемек, киім-кешек, ән-күй, би барлық жағынан таралғандығын байқаймыз.

Бұлардан басқа Қытайдың орга жазығына батыс терістік арқылы «Арыстан би» мен «Ұлу би» енді. Таң ақындары «Қулар шықты арыстанша жасанып, Шилияңда ойнаш арыстан ойынын» деп жыр жазды (Шилиян: байырғы Гансу). Фалымдар арыстан би Қытайдың орга жазығына үндіден, парсыдан барған, ұлу би батыс өнірден енген деп дәлелдейді [44].

Таң дәуірі аяқталып тарих бес дәуір (五代十国: Соңғы лияң, Соңғы таң, Соңғы жин, Соңғы хан, Соңғы жоу дәуірі) заманына қадам қойғанда, Қытайдың орга жазығының мәдениетінде негізінен Таң патшалығының соңғы мезгіліндегі үлгі сақтады.

Соң (宋) дәуірі (б.з. 960ж - б.з.1279ж)

Таңнан (б.з. 581ж - б.з.618ж) Соңға (б.з. 960ж - б.з.1279ж) дейінгі өлеңдердің барлығында күй және би қосыла жырланады. Бұл Соң дәуірінде тіпті де жоғары белеске көтерілгендей байқалады. Әдебиет жалаң көркем сөздін тізбесі ғана емес, белгілі мағынадан алғанда, әусен, қимыл-әрекет, күй-би сияқты бейнелеу өнерлері де әдебиет қазынасын байытушы басты элементтер саналады. Әдеби туынды өз қабылдаушысына тек сөз және жазу үлгісімен ғана жеткізілсе, таралса, онда оның туғызыар ықпалы, халыққа берер әсері, даму, гүлдену жағдайы, ұршактан-ұршаққа жалғасып, таралуы, басты рухани азыққа және ағымға айналуы сияқтылардың барлығы кемелді жүзеге асуы мүмкін емес еді. Әдебиеттегі поэзия жанрының шайда болуы жазба әдебиеттен емес, бүкілдегі өн айту, ие мен кие шақыру, жын қуалаша, аруаққа жалбарыну сияқты көңіл-күй, жан-сезім, арман-тілекті жай үлгіден басқапта көркемдік, тылсымдық, терең сезімдік, таңғажайыш түсті үлгіде бейнелеуден келген. Қытайда жазу ерте қалыптасқанымен, қытай жазуын құраушы иероглифтердің саны мыңдаған-он мыңдаған таңбадан құралатындықтан (қытай жазуында бірі-бірінен парықты 60 мыңға таяу иероглиф бар) жалпы халық сауатты бола алмаған. Оның үстінен ол замандағы қытай жазуы қазіргідей қарашайымданырылған, арнаға түсірілген емес еді.

Я.Күмарулы. Қөшшелілер және Қытайдың орта жазық ...

Иероглифтердің жазылуы күрделі, кейде бір иероглифтің бірнеше түрлі жазылу үлгісі жолығады. Соңдықтан қытайлардың ішіндегі хат танитын сауатты адамдар тым некен-саяқ болған. Халық әдеби жасампаздық үлгісінен ауыз әдебиеті, түрлі өнер көрсету (ән, би, күй орындау, ергегі айту, күлдіргі ойнау, қиса жаттау, ойын көрсету т.б.) және басқа да тікелей формалар арқылы сусындац, қабылдац және оған мұрагерлік етіш, таратыш отырған. Міне, соңдықтан да терістік қөшшелілерінің ән, күй, би және басқа да өнер көрсетуі үлгілерімен ұштастырылған әдебиет жасампаздығы Қытайдың орта жазығындағы халықтардың әдебиет жасампаздық барыстарына молынан қабылданды. Қытайдың орта жазық әдебиет-көркемөнерінің кемелденеүне тамаша шарт-жағдай жаратыш берді.

Хан дәүірінен кейінгі Қытайдың орта жазық өлеңдерінде терістіктің ән, күй, билері екіншің бірінде жырға қосылатын болды. Тіпті, ең бір қанды қырғын сияқты традегиялық оқиғалар баяндалған өлең, дастандарда да терістік ән-күйі, билері мен киіз үйлері туралы өлең жолдары жолығын отарады.

Терістік Соң дәүірінде, солтүстікте Қытан (契丹) құрган Лияу және Түбет сыңды екі қөшшелі аз ұлт құрган әкімият болды. Кейін Мәнжүрлер құрган Жиң патшалығы Лияуды жойып, Соңның терістіктегі ең басты белдесіне айналды. Оңтүстік Соң патшалығы дәүірінде терістік сахарада бой көтерген Монғұл әулеттері Терістік пен түстікті бірлікке келтіріп, ұлы Юан империясын құрды. Міне осылардың барлығы Қытайдың орта жазық ән, күй, би мәдениетіне арт-артынан өзіндік өзгерістерді әкелип, терістік үлгісін сіңіріп отырды. Ән, күй, би мәдениетінде басқа мәдениеткө ұқсамайтын бір айрықша ерекшелік – онда бір ұлттың ұлттық белгісінің мен мұндалап тұратындығында. Бұл қасиет сонау тарихтан бұрынғы қадым замандардан тартыш мәдениет алмасу жоғары шекке жеткен, мәдениет шек-шекаралары барынша жойылған, тұтас адамзат мәдениеті барынша тоғысқан, жершарылануға бет алған бүгінгі күнге дейін жалғасуда.

Соң дәүіріндегі Қытайдың орта жазық әдебиет-көркемөнерінің гауһарын Соң жырлары (宋词) деп айтуға болады. Соң жырлары (宋词) терістік қөшшелілері әдебиет көркемөнерінің өсерінде қалыштасқан Қытайдың орта жазық әдебиет-көркемөнеріндегі бір тың құбылыс екендігі белгілі. Ол поэзия, ән-күй және билер бір тұлғаландырылған ерекше туынды. Қытайда жырдың (词) пайда болу жүлгесін оңтүстік-терістік патшалықтар дәүіріне дейін апаруга болғанымен, алайда, оның шынайы мағынасындағы әдеби жанрга айналуы (文体) Таң патшалығының орта мезгілінен кейін болды. Ол «Қонағасы күйі» немесе «Дастарқан күйі» (燕乐) негізінде құралған. Ал, «Қонағасы күйі» (燕乐) Сүй-таң мезгілінде қалыштасқан. Оның бұрынғы

«Сазды өуенмен» (雅乐) парқы – терістік көшшелілерінің ұлттық қуйін барынша қабылдаған. Жыр (词) – пайда болу, қалыштасу, даму, шарықтау шегіне шығу және қайта әлсіреу, тоқырау барыстарын бастаң кешірген 600 жылдан астам уақытта, батыс терістік әдебиет-көркемөнері мен Қытайдың орта жазық әдебиет-көркемөнерінің арасындағы көп дәнекердің айтулысы. Ол қытайдың орта жазық әдебиет-көркемөнеріне өлшеусіз әсер-ықпал әкелді. Жырдың (词) терістік көшшелілері мен қытайдың орта жазығының әдебиетімен, әнімен, қүйімен және биімен болған байланысы аса үлкен тақырыш.

Қытайдың орта жазық ән, қүй, биінде әр дәуірде терістік көшшелілері мәдениегінің әсеріне ұшырамаған түр, мазмұн жоқ дерлік. Бұлардың ішіндегі «Қонағасы қуйі» (燕乐), «Еркін өуен» (散曲, 散乐), «Театр» (戏曲), «Зажүй театры» (杂剧), «Ән-би театры» (歌舞剧) сияқтылардың барлығы да солай.

«Еркін өуеннің» (散曲, 散乐) терістік көшшелілерінің қүй-музыкасымен байланысы жырдан да (词) қою. Ол Жин-юан патшалықтары (б.з. 1115ж - б.з.1368ж) тұсында орындалды. Оның қүйі бастысы Қытайдың орта жазық қүйі мен терістік көшшелілерінің қуйін негіз етті. «Ән-билі театр» (戏曲) - байырғы Қытайдың орта жазық әдебиет үлгісінің бір түрі. Қытайда «Ән-билі театрның» (戏曲) толысыш-жетілуі де бастысы Қытайдың орта жазығы мен терістік көшшелілерінің мәдениет алмасуының нәтижесінде орындалды. Қытайдағы «Ән-билі театрдың» (戏曲) тарихы Чиннен бұрынғы (先秦: б.з.б. 221-жылдан ілгері) дәуірлердегі «Күлдіргілік ән-би» (俳优歌舞) және «Күлдіргі ойынға» (滑稽戏弄) дейін барғанымен, алайда нағыз «Ән-билі театрдың» (戏曲) оңтүстік және терістік патшалықтар тұсында майданға келді. Осы мезгілде ән-би мен күлдіргі қосылып «Ән-билі театры (歌舞剧) қалыштастырыды. Бұндағы «Әскерге аттану» сияқты театрлардың барлығы терістік көшшелілерінің сауық ойындарымен байланысты еді. Таң дәуірінің «Ән-би театры» оңтүстік және терістік патшалықтар тұсындағыдан да дами түсті. «Ән-билі театрдың» (歌舞剧) шарықтау шегіне жеткен дәуірі терістік Соң дәуірінің соны мен оңтүстік Соң дәуірі болды. Бұл кезде оңтүстіктің өз театры болғанымен алайда ерекше ықпалды болғаны және терістіктің зажүй театры (杂剧) болды. Терістіктің «Зажүй театры» (杂剧) монғұлдардың Юан патшалығы дәуірінде дамып тіпті де кемеліне жетті [45].

Қытайдың орта жазығына терістіктен енген қүй аспаптары:

Чин-хан патшалықтары дәуірінде (秦汉时期):

Сыбызы (笛): Көлденең тартатын сыбызы, бұл үрлемелі музикалардың ішінде аса маңызды орында тұрады. Бұл күй аспабы қытайдың орта жазығына б.з.б. 1 ғасырда пайда болған. Галымдар бұл күй аспабының Қытайдың орта жазығына келуін қытай жиһангезі Жаң чиянның батыстарістікке сапарына (жоғарда баяндалған) байланысты деп қарайды.

Чиць сыбызы (羌笛): Бұл қазіргі сыбызының (箫xiao) төркіні болыш, батыстағы көшшелі үлттардың күй аспабы. Алдыңғы кезде төрг тесігі бар болыш, б.з.б. 1 ғасырда Қытайдың орта жазығына енгенмен кейін (б.з.б.77—б.з.б.37) тағы бір тесік қосылып, бес тесікті сыбызы болған.

Жия (笳): бұл бір түрлі үрлемелі күй аспабы. Қазір жоқ. Оның формасы да тарихи деректерде жазылмаған. Бұл – қытайдың орта жазығына басқа сырт үлттардан келген күй аспабы. Оның «кужия» (胡笳) деген түрі де бар. Ол қуладың (胡) күй аспабы екендігін білдіреді.

Сырнай (角): Үрлемелі күй аспабы. Жияу (角) қытай тілінде мүйіз дегенді білдіреді. Бұл сырнайдың алғашында мүйізден жасалғандығынан осылай аталған. Сырнай кейін ағаштан, қамыстан, теріден және мыстан жасала беретін болған. Сырнай Қытайдың орта жазығына терістікегі үлттардан келген.

Конқу (箜篌konghu): «Конқу» деп аталатын бұл шертпелі күй аспабы екі түрлі: Қытай ғалымдары оның жатқызып қойып шертетін түрін орта жазықтытар жасаған, ал тігінен қойып шертетін конқуды қытайдың орта жазығына терістікten келген, оның өуелгі аты «Кулардың конқуы» болатын деп жазады.

Пиша (琵琶): Байырғы заманың пишасы осы заманың пишасымен ұқсамайды. Ол – қазір бір тұрақты шертпе күй аспабының аты. Ерте заманда пишаның түрі аса мол болған. Ұзын сапты пиша, қысқа сапты пиша, дөңгелек пиша, домалақ пиша, ағаш бетті пиша, тері бетті пиша, көп ішекті пиша, аз ішекті пиша сияқты түрлі-түсті болған. Тіпті пиша атауы барлық шертшелі күй аспабының атына төлінген деп айтуда да болады. Осы пишалардың көп бөлегі Қытайдың орта жазығына терістік көпшелілері арқылы Индиядан және батыс терістікten келген деп қаралады.

Уи-жин және оңтүстік-терістік патшалықтар дәуірінде (魏晋南北朝时期):

Иір пиша (曲项琵琶): Бұл иір мойын пиша деп де аталады. Күй дыбысын шыгаратын бөлегі алмұрт сияқты домаланып келген. Заманымыздың 350-жылдары айналасында батыс терістік арқылы Үндістаннан Қытайдың

терістігіне келген. Заманымыздың 551-жылдарынан ілгері онтүстік Қытайға жеткен.

Бес ішекті пипа (五弦琵琶): Бұның көрінісі иір мойын шипамен ұқсас, одан сөл кішілеу. Бес ішегі бар. Бұл да заманымыздың 350-жылдары айналасында батыс терістік арқылы Үндістаннан Қытайдың терістігіне келген.

Били (筚篥bili): Ағаштан жасалған түтік. Үстінде тоғыз орында тесігі бар. Түтіктің жоғарғы аузына бір ысқырық орнатылған. Бұл үрлемелі күй аспабы заманымыздың 384-жылдары шамасында «Күсен күйлеріне» ілесіп батыс терістікten Қытайдың орта жазығына енген.

Данғара (锣luo): 6 ғасырдың алдыңғы мезгіліндегі соңғы Уи хандығы дәуірінде мыс данғара пайда болған. Ол кезде ол үрмалы даңғара (打沙锣) атанған. Бұл күй аспабы да батыс терістіктең көшшелілерден келген.

Мыс даңғара, мыс табақ (钹bo): Бұл үрмалы күй аспабы, заманымыздың 350 жылдары төңірегінде батыс терістік арқылы Қытайдың орта жазығына Үндістаннан келген.

Дап (达 トdap): бұл Қытайдың орта жазық жерінде терістік Уи заманында бар үрмалы күй аспабы. Бұлардан тыс сол дәуірде, кейінгі Сүй-таң замандарында көп қолданылған Бел барабаны (腰鼓), Чи барабаны(齐鼓), Кетерме барабан (担鼓), Екі бетті барабан (羯鼓) сияқты барабандар да жарыққа шыққан. Бұлардың барлығы батыс терістіктең үрмалы күй аспаптары болуы мүмкін [46].

Сүй-таң патшалықтары дәуірінде (隋唐时期):

Сүй-таң дәуірінде Қытайдың орта жазығына пипа (琵琶), бес ішек (五弦), конку (箜篌), сыйызғы (笛), кужия (胡笳), жијау (胶), ұлутас (贝), қалакша (叶), екі бетті барабан (羯鼓), душан барабаны (都县鼓), дала барабаны (答腊鼓) сияқты күй аспаптары батыстан және терістікten келді [47].

Юан дәуірінде (宋元代):

Монгұлдар Орта Азияны бойсұндырганнан кейін, батыс өңірдің күй аспаптары мен күйлері Қытайдың орта жазығына еніп, Юан патшалығының ән-күй мәдениетіне біршама зор әсер жасады.

Монгұл хандығы құрылғаннан кейін, орданың қажеті үшін батыс өңірдің әнші-күйшілері әкелинді. Осы дәуірде тек күй аспабынан «Юан патшалығы тарихы ·күрмет күйі шежіресінде» естелікке алынғаны 22 түрлі. Орда

Я.Күмарұлы. Көмпелілер және Қытайдың орта жазық ...

«Қонағасы күй аспабының» ішінде кем дегенде қобыз (төрт іспекті шертпе күй аспабы) бен көп тұтікті сыйбызығы екеуінің батыс өнірден келгендігі белгілі. Қобыз байыры Орта Азиядағы қазақ, қыргыз, түрк, араб, т.б. ұлттардың барлығында бар күй аспабы (олардың түріндегі өзгешелік бар).

Қытай тарихшылары қобызды арабтың төрт іспекті шерттер күй аспабы, оның арғы төркіні түріктердің бес іспекті күй аспабынан келген деп қарайды. Юан хандығының ордаларында шергілетін күй аспаптарынан «Самтұр: ежелгі заманғы 13 немесе 16 іспекті күй аспабы» (筝), чин пипасы (秦琵琶), қу қобызы (胡琴) сияқтылар болған» [48]. «Юан патшалығы тарихында» (元史) батыс өнірдің осы күй аспабының шіліні мен ерекшелігі естелікке алынған. Миң патшалығы дәуіріне (б.з. 1368ж - б.з.1644ж) дейін бұл күй аспабы Қытайдың орта жазығында дәурен сүрді. Миң заманындағы Шын дыфу (沈德符): «Бүгінгі күй аспаптарында төрт іспекті, ұзын төбесі бар, дөңгелек дабыл тәрізді (圆鼙者) күй аспабы бар, оны терістіктіктер жақсы шертеді, аты Купочүй (琥珀槌), Бейжиңдіктер мен шекара дағылар қобыз дейді» деп жазады [49]. Қытай күй тарихын зерттеуші ғалымдар, батыс өнірдің төрт іспекті шерттер күй аспабы қобыз Қытайдың орта жазығына енгеннен кейін, біртінде өзгертулған, қытайдың қучиң (胡琴: бұл кулардың қобызы немесе ку күй аспабы деген мағнада) деп аталатын екі іспекті, ыспалы күй аспабы пайда болған деп қарайды. «Бұндай өзгеріс тек Қытайда ғана туылуы мүмкін. Түрк, Арабтардың күй аспаптарында, өкілдік сипаттағы ыспалы күй аспабы – рауаб (拉巴布). Сондықтан қучиң (胡琴) – ыспалы шалудың (弓秦法) қобызға қолданылуы болып, оған осындағы ат қойылған шығар» дейді [50]. «Юан патшалығы тарихында» «Кучиннің (胡琴) жасалуы қобызға ұқсайды, басы ирілген, жылан басты (卷头, 龙首), екі іспекті, шалғысы садақша иліш жасалады, оған жылқының құйрық қылышан ысқыш тағылады» делінеді. Бұл Қытайдағы жазбаға түсірілген ең алғашқы ыспалы (қылмен ысып шалатын) күй аспабы. Қытай музика тарихында осыдан бастап ыспалы күй аспабы біртінде қалыптаса бастады. Таң патшалығынан бері Қытайдың орта жазығындағы іспекті күй аспабы пипаны негіз етсе, ал, Юан патшалығынан кейін қобыз бен Кучин (胡琴) басты орынға шықты [51].

Демек, ғалымдар қучиңді түріктердің және арабтардың төрт іспекті шерттер күй аспабы – «рауабы» негізінде өзгертулған, қытайда тыңдан пайда болған күй аспабы деп қараган. Іс жүзінде Қытайдың орта жазығында Юан дәуірінде пайда болған қучин (胡琴) араб пеп түріктердің қобыз, рауап сияқты төрт іспекті шерттер аспабынан өзгергіш жасампаздаудан келген емес,

қайта байырғы Орта Азиядағы түркі тілдес халықтардан тікелей көшіріліп келген еді. Бұның дәлелдері мыналар: біріншіден, «қобыз» дег аталатын екі ішекті ыспалы күй аспабы түркі тілді халықтарда бұрыннан бар, ол қазірге дейін жалғасып келеді. Екіншіден, оның «Юан патшалығы тарихындағы» бағындаған жасалу формасы (жоғарда айтылған) қазақтың қобызына ұқсайды. Үшіншіден, қазақтың қобызы туралы сонау Қорқыт заманынан бері жалғасып келе жатқан деректі ақыз-ертеғілері сақталған. Төртіншіден, қытай тіліндегі Қучиң (胡琴) деген термин қу (胡) және чин (琴) сынды екі иероглифтен құралған. Бұның алдынғы «ку» (胡) иероглифі ағы замандағы терістік көшшелілерінің жалшы аталуы. Ал, сонындағы «чин» (琴) иероглифи қытай тілінде күй аспабы деген мағынада. Яғни, Қучиң (胡琴) қулардың күй аспабы деген мағынаны береді. Егер бұл күй аспабы Қытайдың орга жазығының немесе Батыс Азияның (арабтардың) жасампаздығы болған болса, онда оған қулардың күй аспабы (胡琴) деген ат берілмеген болар еді.

Қытайдың орга жазығына Юан дәуірінде батыс терістіктен енген ендігі бір күй аспабы – үрлемелі күй аспабы болған көп тұтікті сыйызғы (兴隆笙). «Юан патшалығы тарихы · құрмет күйі шежіресінде» оның шілтіні толық жазылған [52]. Көп тұтікті сыйызғы (兴隆笙) Орта Азиядағы мұсылман елдері Жоңтоң (中统) жылдары (1260 ~ 1263) Юан патшалығына тарту еткен сауға арқылы Қытайдың орга жазығына енген.

Батыс өңірден Юан дәуірінде Қытайдың орга жазығына енген әйгілі күй аспабынан тағы бірі 72 ішекті пиша. Тарихи деректерге негізделгенде 72 ішекті пиша арабтарда пайда болып, төңірекке тараған. «Юан патшалығы тарихында» монғұлдардың қосыны Бағдатты алғанда «72 ішекті пишаны қолға түсіргендігі» жазылған [53].

Лиу иүнің «Батысқа сапар естелігінде»: Бағдатта «36 ішекті пиша болған, алғашында, халипа бас ауруға шалдығыш, емделсе де сақаймайды. Бір шебер 72 ішекті пиша жасайды, бұның күйін естіген халипа аурудан лезде айығады» дег жазады [54]. Осы 72 ішекті пишаның «Юан патшалығы тарихында» аса ірі олжа ретінде естелікке алынуы, біріншіден, оның қолға оңай түспейтін ерекше құнды зат екендігін; екіншіден, Юан патшалығының күй мен күй аспаптарына берілуінің құпті екендігін ұғындырады. Олжага алынған осы күй аспабының Қытайдың орга жазығына әкелінгеннен кейін қалай пайдаланылғандығы туралы жазба дерек қалмаган. Алайда Чин патшалығы дәуіріндегі «Патшалықтың құрмет аспаптарының сызбасында» үйғұрлардың ішекті күй аспабы «кернай» естелікке алынған [55]. Бұл осы күй аспабының Юан дәуірінде үйғұрлардың арасында тарағандығынан дерек береді. 72 ішекті пишаның карон (卡龙) деген тағы бір аты болып, тарихи деректерде

Я.Күмарулы. Көпшелілер және Қытайдың орта жазық ...

осы күй аспабының Абу Насыр Әл-Фараби (870-950) жағынан тапқырланғандығы жазылады. Тарихи деректерге қарағанда, Абу Насыр Әл-Фараби кезінде грек ән-күйін зерттеген, оның «Күй тоңтамы» атты еңбегі, байырғы гректер мен арабтардың ән-күйін баяндаған маңызды шығарма көрінеді. Абу Насыр Әл-Фараби осы күй аспабын грек күй аспабына негізделіп жасаған делінеді. Сами · Хафиз осы еңбегінде және каронның (卡龙) пішінін, шертілу қағидасын таныстырады [56]. Егер бұны Абу Насыр Әл-Фараби тапқырлаған болса, онда оны гректердің күй аспабына еліктеп жасаған ба? Әлде, өз ата мекені – байырғы ірі мәдениет оргалықтарының бірі Отырардың күй аспаптарына еліктеп жасаған ба деген сұрау тузы да табиғи.

Юан патшалығының ордаларындағы қонағасы ән-күйлері бастапқы кездерде моңғулдардың дәстүрлі жол-жосындық ән-күйін негіз етті. Кейін біртіндеп төңіректің төрг бұрышынан әнші-күйшілерді жинац, астанада арнаулы музыканытар мекемесі мен салт-сияшат мекемесін құрыш, алуан ұлт пен ұлыстың ән мен күйі тоғысқан Юан дәуірінің орда ән-күйін қалыптастырыды. Юан дәуіріндегі батыс өнір ән-күйінің орындалуына негізінен мұсылман күйшілері жауашты болды. «Юан патшалығы тарихы · Жұз мансап шежіресінде» жазылуынша, сол кезде үкіметтің салт-сияшат мекемесіне ондағы мұсылман күйшілерін басқарудағы тіл мәселеісін шешу үшін екі мұсылман мәнсалытты орналастырылған. Салт-сияшат мекемесінде «қытайлар, мұсылмандар және батыс өнірліктер болыш, үш ән-күй үйрмесіне болінген. Үш үйрмеде жиыны 300 ден артық адам болған». Яғни, қытайлар, мұсылмандар және батыс өнірліктердің ән-күй үйрмесінің әр біреуінде орта есептен 108 адамнан болған. Ән-күй үйрмелерін басқаруды қүшету үшін салт-сияшат мекемесіне қарасты арнаулы үш болімшесі құрыш, жеке-жеке үш үйрмені басқартқан. Орда қонағасы ән-күйі сол дәуірдегі ең жоғарғы билеушілердің кеңіл ашу, ләззаттану және сый-сияшаттық қымылдарына орындалатын. Бұл үшін құрылған үш үйрменің біреуінің мұсылмандар үйрмесі, енді біреуінің батыс өнір үйрмесі болуы сол дәуірдегі батыс терістік пен Орта Азияның ән-күй мәдениетінің Қытайдың орта жазығында қаншалық маңызды орында тұргандығын, қаншалық маңызды рөл ойнағандығын үгіндіреді. Юан дәуірінде Қытайдың орта жазығына енген батыс өнір әнші-күйшілері тек ордада ғана ән, би, күй орындаумен шектелгені жоқ, сонымен бірге зор тоңтағы бір бөлегі халық арасында өнер көрсетумен шұғылданды. Тіпті, бір бөлімдері батыс өнірдің ән-күйін ғана емес, сонымен бірге Қытайдың орта жазығындағы қытай және басқа ұлттардың ән-күйін де игеріш, оны да қоса орындаш жүргендігі тарихи деректерден байқалады.

Жалпы алғанда Юан дәуіріндегі қытайдың орта жазығында Батыс өнір, Орта және Батыс Азияның ән-күйінің шығандауы - батыс ән-күйінің Қытайдың орта жазығындағы Таң патшалығынан кейінгі қайта бір рет шарықтау шегіне жеткендігі еді. Батыс өнір ән-күйінің осы бір неше реткі

Қытайдың орта жазығын кең көлемде шаршуы қытайдың ән, күй, би мәдениетіне өз таңбасын өппестей етіп салып кетті.

Көптеген ғалымдар қытайдың орта жазық әдебиет-көркемөнер тарихын зерттеуде, терістік көшшелілерінің әсер-ықпалына айрықша мән беруі керектігі мен оның қытайдың орта жазық мәдениет тарихын зерттеудегі маңызы туралы дәрілтейді. Ал, біздің дәрілтейтініміз – терістік көшшелілерінің қытайдың орта жазық әдебиет-көркемөнеріне жасаған әсер-ықпалын зерттеу арқылы ата-бабаларымыздың әнінің, күйінің, биінің арғы соралтарын қуалау, өз әдебиет-көркемөнеріміздің өткенгі деректерін оның басқаға жасаған әсерінен қарастыру.

Бұлардан басқа терістік көшшелілерінің ән, күй, би үлгісі ғана емес, сонымен бірге олардың ән, күй, би туралы салт-дәстүрлері мен ырымжырымдары да қытайдың орта жазық тұрғындарына әсер жасап отырды.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Құтыби жартас суреті.
2. 赵超著: «云想衣裳: 中国服饰的考古文物研究», 四川人民出版社, 2004年, 成都25页.
3. Есбол Шаймарданұлы, «Шинжияң қоғамдық ғылымы», 2009-жыл, 1-сан, 89-бет.
4. 张征雁: «混沌初开: 中国史前时代文化», 四川人民出版时. 2004年, 156页.
5. Narain A.K. On the «first» Indo-Europeans: The Tokharian-Yuezhi and their Chinese homeland, Papers on Inner Asia, 2, Bloomington, Indiana, 1987.
6. 林河: «中国巫傩史», 花城出版社, 2001年, 543页.
7. Ясиян Құмарұлы. «Алystағы ата мұра», Ұлттар баспасы, 2003 ж., Бейжин, 418-419 6.
8. «Шинжияң қоғамдық ғылымы», 1996-жыл, 1-сан, 10-бет.
9. 张光直: «美术、神话与祭祀», 辽宁教育出版社, 2002年.
10. 张光直: «美术、神话与祭祀», 辽宁教育出版社, 2002年.
11. 林河: «中国巫傩史», 花城出版社, 2001年, 543页.
12. «楚辞».
13. 林河. «中国巫傩史», 花城出版社, 2001年.
14. 林河, «中国巫傩史», 花城出版社, 2001年.
15. «郭沫若全集», 考古版第一卷, 84页, 科学出版社, 1982年版, 户晓辉: «岩画与生殖巫术», 新疆美术摄影出版社, 1993年, 206-207页.
16. 林河: «中国巫傩史», 花城出版社, 2001年.
17. «尹训», «书经», «墨子非乐»; «Он екі мұхам женінде» (үйғұрша басылым), 34-бет, Ұлттар баспасы, 1981-жыл, Бейжин.
18. Ясиян Құмар ұлы. Алystағы ата мұра, Ұлттар баспасы, 2003-жыл, Бейжин.
19. 林河: «中国巫傩史», 花城出版社, 2001年. Айтуларға қарағанда Чүй юан өзінің арғы атасы санаған Жуан шүй (颛顼) бақсызықта тиым салған.
20. «非乐篇».
21. 张光直: «美术、神话与祭祀», 辽宁教育出版社, 2002年.

Я.Күмарулы. Көммелілер және Қытайдың орға жазық ...

22. 乔健等主编: «文化、族群与社会的反思», 北京大学出版社, 2005年版, 第162页.
23. 乔健等主编: «文化、族群与社会的反思», 北京大学出版社, 2005年版, 162页.
24. 《晋书·乐志》.
25. 《乐府诗集》.
26. 王青: «西域文化影响下的中古小说», 中国社会科学出版社, 2006年.
27. 《后汉书》.
28. 《搜神记》.
29. 雷海宗: «中国的兵», 中华书局, 2005年.
30. 郭茂倩: «乐府诗集·横吹曲辞» 卷25.
31. «中国各民族文学关系研究», 第189~190.
32. «乐府诗集·梁鼓角横吹曲».
33. 《唐书·乐志》.
34. 《唐书·乐志》.
35. 《隋书·音乐之中》.
36. 页茜: «中华民族的文化与性格», 民族出版社, 2006年, 北京. 272-273页(胡汉大融合对音乐的影响).
37. «Шинжияң қоғамдық ғылымы», 2006-жыл, 4-сан, 27-бет.
38. 《隋史·乐志》.
39. «Тан дәүірінің естеліктері» 33-тарауы.
40. 《唐诗》.
41. Шинжияң қоғамдық ғылымы 2006-жыл 4-сан, 26-бет.
42. 谷包: «古代新疆的音乐舞蹈与古代社会», 新疆人民出版社, 1987年.
43. 《西域图志》.
44. «西域研究», 2004年第4期.
45. 页茜: «中华民族的文化与性格», 民族出版社, 2006年, 北京. 245-264页(胡汉大融合对文学风格的影响).
46. 页茜: «中华民族的文化与性格», 民族出版社, 2006年, 北京. 265-276页(胡汉大融合对音乐的影响).
47. 杨荫浏: «中国古代音乐史», 人民音乐出版社, 1981年.
48. (元)陶宗仪: «南村辍耕录» 卷28, «乐曲».
49. 《顾曲杂言》, 从书集成初编本.
50. (日)岸边成雄: «伊斯兰音乐», 93页, 上海文艺出版社, 1983.
51. 马建春: «元代东迁西域人及其文化研究», 民族出版社, 2003年, 第310页.
52. 《元史·礼乐志》.
53. 《元史·郭宝玉传》卷149.

ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010

54. 刘郁:《西使记》,见杨建新主编:《古西行记选注》239页,银川,宁夏人民出版社,1987.
55. 《皇朝礼器图式》卷9,《回部乐》.
56. (埃及)萨米·哈菲慈:《阿拉伯音乐史》,51-52页,北京,人民音乐出版社,1980.

REZUME

I. KUMARULY (Urimzhi)
NOMADS AND CULTURE SONGS, DANCE, KYUYA IN HIGH
PLAINS OF CHINA

The article says the impact of the northern nomads on literature and culture of the middle plains of China, and clarifies the historical facts.